

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1, Ч.3 – Б.325-327


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Шаукерова З.М.

Әлемнің жетекші елдерінде лизингтік операциялар сомасы инвестициялардың жалпы сомасының үштен бірін құрайды және олардың сомасы жыл сайын орта есеппен 10-12 есеге артады[1].

Еліміздің экономикасында болып жатқан өзгерістер жаңа көзқарас тұрғысынан түбегейлі инвестициялық даму арқылы дамуды көздейді. Нарық конъюктурасын талдау талаптарының тұрақты түрде өсуіне байланысты өнімнің сапасы мен оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жаңа технологиялық процестерді жүзеге асыру, бизнестің жаңа нысандарын зерттеу, жаңа нарықтардың дамуына ықпал етеді. Алайда, бұл мәселелерді шешуде ескі, тозған өндірістік жабдықтардың орнына өз қаражатын, несие ресурстарын тарту арқылы өндірістік қорларын жаңарту процесін қаржыландыру үшін лизинг құралдарын пайдалану, кәсіпорын үшін өте тиімді. Осыған байланысты лизинг қызметін талдау маңызды болып табылады.

Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2016 жылы төленген лизингтік төлемдердің көлемі 33%-ға өсті. Ал лизинг портфелінің жалпы құны 2016 жылы 15%-ға өсіп, 369,7млрд. теңгені құрады[2].



Сурет 1. Лизинг портфелі жиынтығы ірі ойыншылар есебінен көбеюде

2016 жылы лизингтік компаниялардың мәмілелер жасау барысында қаржыландыру көздері өз қаражаттарының 52% -ын құрады. Қарыз қаражаты 37% -ды құрады. 11% -ы республикалық бюджет немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арқылы қамтамасыз етілді. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы техникасы саласында қаржыландырылатын келісім

шарттың 90% лизинг берушінің меншікті қаражаты есебінен қаржыландырылады. Көлік құралдары мен жабдықтар саласында мәмілелерді қаржыландырған кезде меншікті қаражаттың үлесі 7% -ды құрайды. Бұл мәмілелер бойынша қаржыландыру көздерінің 70% - заемдық қаражат есебінен, ал тағы 22% - республикалық бюджеттен қалыптасқан. Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру көздері мен олардың құны лизингке деген сұранысты қанағаттандыруда өте маңызды рөл атқарады - бұл нарықтың өсуін айқындаушы факторларының бірі болып табылады.

«Эксперт РА Казахстан» RAEX рейтингілік агенттігінің зерттеуіне қатысқан лизингтік компаниялардың нарықтағы портфелі 80% -ды және жылына жасалатын жаңа мәмілелер құрылымы 70% -ды құрайды. Нарықтағы көшбасшы компаниялардың көрсеткіштері нарық құрылымын зерттеуді жақсартуға мүмкіндік береді және негізгі нарық көрсеткіштерінің өзгеру себептерін анықтайды[3].

Зерттеуге қатысушы лизингтік компаниялар деректеріне сәйкес, Қазақстандағы лизинг нарығының негізгі параметрлері 1- Кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Зерттеуге қатысушы лизингтік компаниялар деректері бойынша Қазақстандағы лизинг нарығының негізгі параметрлері[3, 1 б.]

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016
Лизингтік портфельдің ағымдағы көлемі, млн тенге	167 651	202 885	255 910	298 180
Өсу қарқыны, %		21,0	26,1	16,5
Лизингтік компаниялардың жаңа бизнесінің көлемі, млн тенге	69 682	83 117	102 244	111 006
Өсу қарқыны, %		19,3	23,0	8,6
Лизингтік компаниялардың келісімшарттарының саны	2 662	3 380	3 915	2 643
Өсу қарқыны, %		27,0	15,8	-32,5

2016 жылдың қорытындысы бойынша көшбасшы лизингтік компаниялар ренкингі 2-кестеде қарастырылған. Зерттеуге мемлекет тарапынан қатысатын «ҚазАгроФинанс», «БРК-Лизинг» компаниялары жаңа бизнестің көлемдері бойынша 2016 жылы көш бастады.

«ҚазАгроФинанс» компаниясы ауыл шаруашылығымен айналысады және оның портфелінің негізі - ауыл шаруашылығы техникасы және асыл тұқымды малдар бойынша жасалынған лизингтік мәмілелерді құрайды.

2016 жылы компанияның жаңа мәмілелер көлемі 2% -ға төмендеді, бірақ қазақстандық лизингтік сала үшін 57,5 млрд.тенге айтарлықтай маңызды болып қала береді.

Кесте 2. 2016 жылдың қорытындысы бойынша көшбасшы лизингтік компаниялар ренкингі [3, 2б.]

Жаңа бизнес бойынша орындар		Компания	2016 ж. жаңа бизнес көлемі, млн.теңге	Ағымдағы портфель, млн.теңге		Портфель бойынша орындар	2016 ж. жасалған мәмілелер саны, дана	Мәмілелер санына қарай орналасуы
01.01. 2017	01.01. 2016			01.01. 2017	01.01. 2016			
1	1	КазАгро Финанс	57 499	202 406	184 883	1	2 409	1
2	2	БРК-Лизинг	49 400	87 653	59 108	2	82	3
3	5	Лизинг Групп	1 846	1 642	1 041	4	44	4
4	-	КазМедТех	1 778	2 313	2 537	3	88	2
5	4	Аль Сакр Финанс	46 4	1 550	2 486	6	18	5
6	6	Райффайзен Лизинг Казахстан	-	1 619	4 194	5	-	6

Осылайша, портфель 9% -ға артып, 202,4 млрд. теңгеден асты. Мәмілелер саны 2409-ға жетті, бұл нарықтың басқа қатысушылары үшін қол жетімді емес деңгей. Нәтижесінде барлық лизингтік компаниялардың жалпы портфеліндегі ауыл шаруашылығы техникасының жоғары үлесін құрайды..

Екінші ірі нарық қатысушысы - «БРК-Лизинг» - мемлекет капиталы тарапынан қатысатын компания (BRKL - Қазақстанның мемлекеттік даму банкінің «қызы»). «БРК-Лизинг» басымдық беретін экономика секторларына өңдеу өнеркәсібі, өндіріс және көлік инфрақұрылымы жатады. Компанияның жаңа бизнес көлемі 2016 жылы 25% -ға артып, 49,4 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың соңындағы портфельдің айтарлықтай өсуі байқалды - 48% және 87,7 млрд. теңгеге жетті.

Екінші жыл қатарынан «Лизингтік компания» айтарлықтай әсерлі нәтиже көрсетті. 2016 жылдың соңында жаңа бизнестің көлемі 66% -ға, 1,8 млрд. теңгеге дейін өсті, ал жыл ішінде транзакциялардың саны 44-ке жетті.

«KazMedTech» (КМТ) мемлекеттік компания болып табылады және қазақстандық лизинг нарығы үшін медициналық сегменттің лизинг схемасы бойынша жеткізілімдердің бірегей сегментіне мамандандырылған. 2016 жылы компания мәмілелер саны бойынша екінші орынды иеленді - жыл

ішінде 88 жаңа мәміле. Алайда, жаңа бизнес көлемі бойынша - төртінші орында - 1,8 млрд теңге жалға беруші.

2016 жылы «ҚазАгроҚаржы»(КАФ) компаниясында лизинг портфелінің өсуі байқалды, жаңа қаржылық лизингтік шарттар жасалды, жаңа клиенттердің саны артты. Ауыл шаруашылығы субъектілеріне техниканы лизингке бергенде, сыйақы ставкасын субсидиялау арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жұмсаған шығындарын өтеу мемлекет тарапынан ынталандырылады. 2016 жылы компаниямен 3119 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтары сатып алынып, лизингке берілді.

Неліктен бұл модель аграрлық секторда табысты болып саналады?

Біріншіден, лизинг схемасы жеткілікті икемді, ал лизингтік компания жалға алушының белгілі бір бөлігін өз қамқорлығына алады. Лизинг беруші белгілі бір уақыт кезеңінде жабдықтарды жеткізуді және техникалық қолдауды қамтамасыз етеді. Жаңа жабдықтардың бағасы өте жоғары болғандықтан, лизинг арқылы сұранысқа ие қолданылған техниканы сатып алуда қарастырылған.

Екіншіден, лизингті тіркеу кезінде қосымша кепілдеме талап етілмейді, өйткені лизинг заты өзі кепілдік ретінде әрекет етеді, бұл шағын кәсіпкерлік үшін өте маңызды, ол анықтамаға сәйкес кепілмен қамтамасыз етіледі. Лизингтік қаржыландыру схемасын таңдаудың пайдасына тағы бір дәлел салық артықшылықтарының болуы болып табылады. Ауыл шаруашылығымен айналысатындарға лизингтік компания маусымдықты ескере отырып, негізгі борыш үшін икемді өтеу кестесін (егін жинаудан кейін бір жылда бір рет төленеді) ұсына алады. Сонымен қатар, лизингтік қаржыландыру мерзімі ұзақ, бұл фермерлер үшін де маңызды, өйткені саланың өзі инвестициялардың ұзақ мерзімді кірістілігін қабылдайды.

Лизингті қолдау арқасында Қазақстандағы қаржылық қызметтер нарығындағы лизингтің үлесі ұлғайып келеді.

Қорытындылай келе, елімізде негізгі қорлардың тозу деңгейі коэффициентінің жоғарылауы кәсіпкерлерді, сондай-ақ мемлекетті осы қаржы құралын кеңінен қолдануға итермелеуге тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Hontar D., Oreshko N, Koladizieva S. Forecasting the Development of leasing market (on the example on Ukraine) Problems and perspectives in Menedgment, 2016. 14(4) с.264-272

2. Қазақстан 2016 жылы /Статистикалық жинақ/ казакжәнеорыстілдерінде /478 бет.

3. Рынок лизинговых услуг по итогам 2016 года: на первой скорости. /http://raexpert.kz/researches/leasing_2016/part2/